

МӘСӘЛІМОВ ТОҚТАР ЖОЛДАСПАЙ ҰЛЫ (70 жылдық мерей тойы қарсаңында)

Мамыр айының 28 жұлдызында Республикамыздың денсаулық сақтау саласына қомақты үлес қосқан майталман еңбек ардагері Мәсәлімов Тоқтар Жолдаспай ұлы 70 жасқа толады.

Тоқтар Жолдаспай ұлы Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Шалабай кентінде 1944 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын, Семей медицина институтын 1969 жылы тамамдаған соң, Мақаншы ауданы Жарбұлақ ауылының ауруханасында 1969-1976 жылдары бас дәрігерлік қызметінен бастап, өзін халыққа ұстанымы берік, іскерлік қасиеті шексіз, азаматтық болмысы мол түлек ретінде көрсете білді.

Осы жылдары нәрестелерді 100 пайыз презент-ханада дүниеге әкелуге қол жетті, балалар өлімі үш есеге дейін азайды, типтік жобамен 50 төсектік аурухана ғимараты салынды. Облыстық тері-венерология диспансерімен біріге отырып, ауруханада балалар трихофитиясын емдеу ісі ұйымдастырылды. Осы ізденістердің арқасында аурухана ұжымы облыс көлемінде ауыл ауруханалары арасында үш мәрте бірінші орын алып, үздік тәжірибе мектебіне айналды. Қол жеткен табыстары үшін бас дәрігер Тоқтар Жолдаспай ұлы Денсаулық сақтау министрлігі мен облыстық басқарманың грамоталарымен марапатталып, кезектен тыс «Москвич-412» автокөлігіне ие болды.

1971 жылы Алматы қаласында өткен Республика медицина қызметкерлерінің бас қосуында облыстың медицина қызметкерлерінің атынан сөз айту құрметіне ие болды. Ауылдың да қоғамдық өміріне белсене қатысып, екі мәрте ауыл кеңесінің депутаты болып сайланды.

1976 жылы Тоқтар Жолдаспай ұлына үлкен сенім артылып, Қытай елімен шектес жатқан, емдік қасиетімен әйгілі Республикалық колхозаралық «Барлық-Арасан» санаториясын басқаруға жіберілді. Жас маманға медицина қызметінен тыс көптеген мәселелерді шешуге тура келді. Ол басқарған сегіз жыл ішінде емдеу бөлімі, асханасы, кинотеатры бар 500 төсектік типті санаторий ғимараты, балалар бақшасы, сауда орталығы, 150 пәтерлі үй, гараж, көкөніс қоймасы, Жарбұлақ ауылымен қосатын асфальтталған жол, телемұнара салынды. Барлық-Арасан-Алматы автобус қатынасы ашылды.

Барлық-Арасан минералды суымен ревматоидты артритті емдеу әдістері Семей Мемлекеттік медицина институтының терапия кафедрасымен бірлесе отырып зерттеліп, судың емдік қасиеттері ғылыми түрде дәлелденді. Тоқтар Жолдаспай ұлы осы бағыттағы бірнеше ғылыми мақалалардың авторы, Мәскеу қаласында өткен ревматологтардың бүкілодақтық II құрылтайының делегаты. Ауыл халқын санаторийда емдеу арқылы денсаулығын көтеруге үлкен үлес қосқан Тоқтар Жолдаспай ұлы әрі маман, әрі басшы ретінде көрнекті ісімен, шаруақор еңбегімен халық арасында лайықты құрметке ие болды. Аудандық партия комитетінің мүшесіне, бірнеше дүркін халық депутаттарының аудандық кеңесіне сайланды, аудандық, облыстық партия конференцияларына делегат болып қатысты.

1984 жылы медицина қызметкерлерінің Семей облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметіне сайланды. Бұл жылдары ол медицина кадрларын тәрбиелеуге, олардың қызметін ұйымдастыруға, медицина мекемелерінің қосалқы шаруашылығын дамытуға көп көңіл бөлді. Соның бір дәлелі, Бородулиха ауданындағы «Березовка» санаторийының



қосалқы шаруашылығы одақ көлеміне әйгілі болып, ҚСРО денсаулық сақтау министрлігі бойынша үшінші орынды, салалық кәсіподақ грамотасы мен ақшалай сыйлығын жеңіп алды.

1987 жылы іскер басшы ретінде Семей облыстық клиникалық ауруханасының бас дәрігері қызметіне бекітіліп, оны үлкен абыроймен басқарды. Оның жеке басшылығымен облыстық аурухананың барлық бөлімдері күрделі жөнделуден өтті, бүйрек орталығы, лазер, магнитотерапия кабинеттері ашылды.

Тоқтар Жолдаспай ұлына еліміздің экономикасы тығырыққа тірелген 1992-1995 жылдары Семей облыстық денсаулық сақтау басқармасын басқару жүктелді. Үлкен жауапкершілікпен тапсырылған жұмысты тыңғылықты орындау үшін Алматы, Мәскеу, Киев қалаларында біліктілік курстарынан өтті. Анкара, Тегеран, Лондон, Мәскеу, Вильнюс қалаларында өткен ірі халықаралық форумдарға қатысты. Семей ядролық полигонының жабылуына арналған Алматы қаласында өткен басқосуға қатысып, одан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау заңына керекті медициналық сараптамаларды дайындауды ұйымдастырды.

Облыстың Денсаулық сақтау саласын нарықтық қатынасқа бейімдеу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырып, медициналық қызмет көрсету сапасының артуына елеулі үлес қосты. Отбасын жоспарлау, медициналық сақтандыру бағдарламаларын кіргізуге араласты. Облыс

әкімшілігі көз және диагностика орталықтарын салуға сенім артты.

1995-1998 жж. №1, 2, 3 презентханалардың бас директоры.

1998-1999 жж. облыстық санитарлық авиация станциясының директоры.

1999-2011 жж. Семей қаласы патологоанатомиялық бюро мекемесінің директоры.

Тоқтар Жолдаспай ұлының қажырлы еңбегі, кадрге деген қамқорлығы, іске деген тиянақтылығы қай жұмыста жүрсе де жоғары бағаланды. Ол кезіндегі социалистік жарыстардың талай дүркін жеңімпазы, шекара әскерінің озаты, Денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Шапағат» медалінің, қала және облыс әкімі алғыс хаттарының иесі.

Тоқтар Жолдаспай ұлы осылай 1969 жылдан Шығыс Қазақстан облысы медицина қауымдастығының тіршілігіне тығыз араласып, бүгінгі күнде де алдыңғы қатарда келеді. Денсаулық сақтау ісін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген, өмірден көргені-тоқығаны мол, беделді жетекші. Көптеген дәрігерлерге өнегелі ұстаз, айнымас дос.

Өмірлік жолдасы Амина Бейсекқызы апамызбен Тоқаң мектеп қабырғасынан бірге оқып, институтты да бірге бітіріп, 50жыл бірге еңбек етіп, өнегелі өмір кешті. Екі ұл мен бір қыз өсіріп, олардан 4 немере 3 шөбере сүйді. Ат тұяғын тай басады дегендей, балалары ата-аналарының жолын қуып, дәрігерлік мамандықты таңдады. Ұлы Ерлан қызметті Бахты учаскелік ауруханасында бас дәрігерлік жұмыстан бастап, ауданның, облыстың бірінші басшы қызметіне дейін көтерілді. Қыздары Асия дәрігер-кардиолог. Үш немерелері де «Болашақ» программасымен шет елдерде тыңғылықты білім алып, атасы мен апасын қуантты. Өкінішке орай, өткен жылы Амина апай ұзаққа созылған науқастан кейін дүниеден өтті.

Тоқаң соғыс жылдары дүниеге келген аға ұрпақтың өкілі. Ағамыздың жаны жомарт, жүрегі жылы, табиғатының ерекше болуы сол жылдардағы ауыр тұрмысты көріп өскендігінен шығар. Кейінгі ұрпақтың Тоқаң сияқты ардақты ағалардың аяулы қамқорлығын көріп өскені талассыз шындық және Тоқаңмен бірге еңбек еткен қай-қайсымыздың да жүрегімізде алғыс сезімі ұялап жатқаны көміл.

Біз Тоқтар Жолдаспай ұлын сөзіне берік, ісіне тиянақты, адамдармен қарым-қатынаста ілтипатты, кімге де болса жақсылық жасауға бейім аға ретінде құрметтеп қадірлейміз. Тоқаңның 70 жасқа толған мерейлі күнінде оның кісілігін, асып-тасымайтын ұстамды мінезін, та-

маша адами қасиеттерін айтып, атап өтуді жөн көрдік. Асқар тау алыстан көрінеді. Бүкіл ғұмыры бойы айнала-сына жылы да нұрлы шуағын шашып келген Тоқтар аға да асқар тау іспеттес.

Қадірлі Тоқтар аға! 70 жасқа толған мерейлі туған күніңіз құтты да берекелі болсын! Деніңіз сау болып, тамаша ұзақ ғұмыр кешіңіз!

Асылдың бізге жеткен сынығысың,
Өзеннің өршіл ағын тұнығысың,
Арқаға аты мәлім бір атаның
Қазаққа бере салған бір ұлысың.

Көп қасиет табылар бір өзіңнен,
Зерттеген өміріңді білер ізден.
Аталардың тұлғасы тұр өзіңде,
Жарқ етіп көрінетін мінезіңде.

Жақсыға, жарқын мінез, жол ашылар,
Ол сөзге қандай жанның таласы бар.
Біздерге белгілісі, асыл Тоқа,
Алқалы ағаның да ағасы бар.

Шипагерсің жаралған туысыңда,
Өзілің де жүреді тіл ұшында.
Елім деген адамның жаны абзал,
Абзалдықта сенің де ырысың бар.

Қайғы да өтті бір бастан аралықта,
Ой да жегі, салынсаң алар ыққа.
Ақылды адам қасқайып қарсы тұрар,
Мәрттік қой жарасатын даралыққа.

Арымен адал жанын асыраған,
Мерей той құтты болсын, ғазиз ағам!
Бәйтерек боп жайқалсын үрім –бұтақ,
Басыңызда тұрсын тек ғасыр аман.

**Денсаулық сақтау ісінің үздігі
М. Қыдырбаев,
Семей қаласы**

Медицинская общественность Восточно-Казахстанской области, областная организация профсоюза медицинских работников сердечно поздравляют юбиляра, желают крепкого здоровья и долгих лет жизни.